

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ҚазҰҚПУ ОӘК отырысында
қарастырылды және бекітілді
«25» ақпан 2025 ж. №2 хаттама

ЖОБА

**ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«АТА-АНАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ
– ОТБАСЫНДА СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗІ»**

Құрастырушылар: Бағибаева М.И.
Бапаева М.К.
Куантканова Ф.М.
Аубәкір А.С.

Алматы, 2025

1. Жалпы ережелер

«Ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру – отбасында сенімді қарым-қатынас құрудың негізі» атты біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасы психологтар мен педагог-психологтарына арналған.

Бағдарлама заманауи ата-ананың өз сезімдерін, эмоцияларын ашық білдіруге, баланың эмоционалдық және әлеуметтік жағынан үйлесімді дамуын қолдайтын ата-аналық мінез-құлықтың қалыптасуына жағымды ықпал етуін қамтамасыз етуге негіз болатын психологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Отбасындағы қарым-қатынас пен эмоционалдық тепе-теңдіктің бұзылуы қазіргі ата-аналардың психологиялық мәдениетінің төмендігінен туындайды.

Отбасында қарым-қатынасты сезіну және сенімді түрде құру, жағымды құндылықтарды көрсету, отбасылық тәрбиеде өзінің мінез-құлқы мен психикалық ресурстарын талдау және ата-аналардың психологиялық мәдениеті мен сауаттылығын арттырудың маңыздылығын түсіндіру.

Отбасында туындаған жанжалдарды оңтайлы шешу және алдын алудың әдіс-тәсілдері мен жолдарын меңгерту және өзара психологиялық қолдау көрсетудің тетіктерін игеруге машықтандыру.

2. Глоссарий

Ата-ана психологиясы – баланың психологиялық және эмоционалдық дамуына ата-ананың әсерін зерттейтін психология саласы.

Психологиялық мәдениет – жеке адамның және қоғамның эмоциялар, мінез-құлық және қарым-қатынасты түсініп, тиімді басқару қабілеті.

Эмоционалдық интеллект – өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын тану, түсіну және басқару қабілеті.

Жанжал – екі немесе одан көп адамның қажеттіліктері, көзқарастары немесе мүдделері арасындағы қарама-қайшылық.

Стресс-менеджмент – стресс деңгейін төмендетуге және оны тиімді басқаруға арналған әдістер мен тәсілдер жиынтығы.

Белсенді тыңдау – әңгімелесушіні мұқият тыңдап, оның айтқандарын түсінуге және оған дұрыс жауап беруге бағытталған қарым-қатынас дағдысы.

Рөлдік ойын – қатысушылардың әртүрлі рөлдерді ойнап, нақты өмірдегі жағдайларды қайта құру арқылы тәжірибелік дағдыларды дамытуға арналған әдіс.

Кейс-талдау – нақты немесе ойдан шығарылған жағдайларды талдау арқылы шешім қабылдау дағдыларын дамыту тәсілі.

Қарым-қатынас стилдері – адамдардың басқа адамдармен сөйлескенде, өз пікірін білдіргенде және пікір алмасқанда қолданатын мінез-құлық үлгілері (ашық, жабық, агрессивті және т.б.).

Эмпатия – басқа адамның эмоциялық күйін түсіну және оған жанашырлық таныту қабілеті.

Құндылықтар – жеке адам үшін немесе қоғам үшін маңызды болып табылатын моральдық, этикалық және мәдени қағидалар.

Жанжалдарды басқару – жанжалды шешудің және оның теріс салдарын болдырмаудың тиімді әдістері.

Тренинг – қатысушылардың білімдері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған интерактивті оқыту формасы.

Рефлексия – өз ойларын, сезімдерін, іс-әрекеттерін немесе тәжірибесін талдау процесі.

Арт-терапия – өзін-өзі тануға және эмоцияларды басқаруға көмектесетін шығармашылық емдеу әдісі (сурет салу, мүсіндеу және т.б.).

Кері байланыс – қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстары арқылы оқыту немесе жұмыс процесін жақсарту әдісі.

Отбасылық құндылықтар – отбасы мүшелерінің өмір салтын, қарым-қатынасын және тәрбиесін анықтайтын негізгі моральдық қағидалар мен дәстүрлер.

Саналы ата-ана – ата-ананың өз баласын тәрбиелеу процесінде саналы түрде, эмоцияларын бақылап, жауапкершілікпен әрекет етуі.

Әлеуметтік интеллект – қоғамдағы адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату және оларды түсіну қабілеті.

Жетістік күнделігі – жеке адамның өз жетістіктері мен тәжірибелерін жазып отыратын мотивациялық құралы.

3. Бағдарламаның тақырыбы

<i>Модуль 1.</i> Ата-аналардың психологиялық мәдениетінің негіздері.	«Психологиялық мәдениет» ұғымына түсінік.
	Отбасындағы ата-ананың рөлі.
	Саналы ата-ана ұғымы.
	Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі.
<i>Модуль 2.</i> Баланың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктері.	Әр жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктері.
	Баланың физиологиялық және эмоционалдық қажеттіліктері.
	Әр жас кезеңіне сәйкес ата-ана стратегиялары.
<i>Модуль 3.</i> Эмоционалдық интеллект және отбасы қарым-қатынастары.	Эмоционалдық интеллект: ұғымы мен маңызы.
	Ата-ана мен бала арасындағы эмоцияларды түсіну және басқару.
	Сенімді қарым-қатынас құру дағдылары.
<i>Модуль 4.</i> Жанжалдарды шешу және отбасыдағы стресс-менеджмент.	Жанжалдың негізгі түрлері және оларды шешу жолдары.
	Отбасындағы стрестің туындау себептері.
	Стрессті басқару әдістері.
	Эмоционалдық тепе-теңдікті сақтау.
<i>Модуль 5.</i> Практикалық жұмыс: ата-аналық	Ата-аналарға арналған семинар-тренингтерді дайындау.
	Отбасылық құндылықтарды нығайту.

психологиялық мәдениеттің дамыту.	Шынайы жағдайларды талдау және шешім қабылдау.
	Қатысушылардың рефлексиясы мен кері байланысы.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – педагог-психологтерге ата-аналардың психологиялық мәдениетін көтеру арқылы отбасы қарым-қатынастарын нығайту, бала тәрбиесінің сапасын жақсарту және қоғамдағы отбасылық құндылықтарды дамытуға ықпал ету бағыты бойынша кәсіби білім беру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Ата-аналардың психологиялық мәдениеті мен сауаттылығын арттырудың маңыздылығын түсіндіру.
2. Қатысушыларға отбасылық қарым-қатынастарды жақсартуға арналған психологиялық әдіс-тәсілдерді үйрету.
3. Баланың эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдайтын ата-аналық мінез-құлықты қалыптастыру.
4. Қатысушылардың практикалық дағдыларын жетілдіру үшін семинар-тренингтер мен рөлдік ойындарды ұйымдастыру.
5. Отбасындағы жанжалдарды шешу және алдын алу бойынша психологиялық қолдау көрсету жолдарын игерту.

Күтілетін нәтижелер:

- Қатысушылар ата-аналық психологиялық мәдениеттің негізгі қағидаларын түсінеді және жұмыс жасай алады.
- Отбасылық қарым-қатынастарды жақсарту үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді меңгереді.
- Қатысушылар ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру қабілетін жетілдіреді.
- Қатысушылар жанжалдарды шешудің тиімді стратегияларын үйренеді және қолдана алады.
- Қоғамдағы отбасы құндылықтарын дәріптеуге үлес қосатын мамандар қалыптасады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы 72 сағатқа бөлініп, 5 модульден тұрады: ата-аналардың психологиялық мәдениетінің негіздері, баланың жас ерекшеліктері мен олардың қажеттіліктері, эмоционалдық интеллект және отбасы қарым-қатынастары, жанжалдарды шешу және отбасыдағы стресс-менеджмент, ата-аналардың психологиялық мәдениетін нығайту бойынша практикалық жұмыс.

Модуль 1: Ата-аналардың психологиялық мәдениетінің негіздері. Ата-аналық психологиялық мәдениеттің ұғымы мен оның негізгі принциптерін түсіндіру. Ата-аналардың рөлі және олардың қоғамдағы орны. Психологиялық мәдениет ұғымы және оның маңыздылығы. Психологиялық мәдениеттің негізгі

аспектілері. Қатысушылар ата-аналық психологиялық мәдениеттің маңыздылығын түсініп, өз рөлін саналы түрде қабылдайды.

Модуль 2: Баланың жас ерекшеліктері мен олардың қажеттіліктері. Баланың психологиялық дамуын жас кезеңдеріне сәйкес түсіндіру. Баланың әр жас кезеңіне тән ерекшеліктерді талдау. Баланың жас ерекшеліктеріне сай қажеттіліктерін қанағаттандыру әдістері. Жас ерекшеліктеріне сәйкес қолдау көрсету тәсілдері. Қатысушылар баланың жас ерекшеліктерін түсініп, дамуына сәйкес қажеттіліктерін анықтап, қолдау көрсете алады.

Модуль 3: Эмоционалдық интеллект және отбасы қарым-қатынастары. Эмоционалдық интеллект ұғымын түсіндіру және ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту. Эмоционалдық интеллекттің негізгі компоненттері. Эмоцияларды басқару тәсілдері. Отбасындағы қарым-қатынасты жақсарту стратегиялары. Қатысушылар эмоцияларды басқаруды меңгеріп, отбасы ішіндегі қарым-қатынасты жақсартады.

Модуль 4: Жанжалдарды шешу және отбасыдағы стресс-менеджмент. Жанжалдарды шешу және стрессті басқару әдістерін үйрету. Отбасындағы жанжалдардың негізгі себептері. Жанжалдарды шешудің тиімді тәсілдері. Стрессті басқару және алдын алу құралдары. Қатысушылар жанжалдарды тиімді шешуді үйреніп, стресс жағдайында дұрыс шешім қабылдайды.

Модуль 5: Ата-аналардың психологиялық мәдениетін нығайту бойынша практикалық жұмыс. Теориялық білімді практикада қолдану дағдыларын дамыту. Тренингтер мен рөлдік ойындар арқылы тәжірибе жинақтау. Нақты өмірлік жағдайларды талдау. Әр түрлі психологиялық құралдарды қолдану. Қатысушылар нақты психологиялық мәселелерді шешіп, практикада қолдану үшін қажетті дағдыларды меңгереді.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру - отбасында сенімді қарым-қатынас құрудың негізі» біліктілікті арттыру курсына психологтар, педагог-психологтары қатыса алады. Оқыту күндізгі және қашықтықтан оқыту форматында (ZOOM, MS Teams) жүргізіледі.

Курс барысында оқытудың түрлі әдістері мен формалары қолданылады, атап айтқанда:

- психологияның теориялық аспектілерін қамтитын дәрістер;
- эмоционалдық интеллект пен балалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық жұмыстар;
- топтық жұмыс, пікірталастар мен жағдайларды талдау;
- жеке жұмыс рефлексияға және білімді жеке мысалдарға қолдануға негізделген;
- интерактивті оқыту әдістері: рөлдік ойындар мен кейс-әдістері қатысушылардың оқу процесін тереңірек меңгеруге ықпал етеді.

Оқыту мерзімі күндізгі және қашықтықтан оқыту форматында 72 сағатты құрайды.

Курс қатысушыларының білімін бақылау және бағалау келесілерді қамтиды:

- курс алдындағы және курстан кейінгі білім деңгейін анықтауға арналған тестілеу;
- алынған білімдерге негізделген жобалық жұмыстарды орындау және қорғау (мысалы, тәрбиелеу әдістерін жеке әзірлеу);
- курстың соңында жалпы білім мен дағдыларды бағалауға арналған қорытынды тестілеу.

Курс практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, қатысушылар кәсіби және жеке өмірінде тиімді түрде қолдана алады.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1: Ата-аналардың психологиялық мәдениетінің негіздері

Сағаты: 15 сағат.

Мақсаты: Ата-аналық психологиялық мәдениеттің ұғымын, оның маңыздылығы мен негізгі аспектілерін түсіндіру.

Міндеттері:

1. Психологиялық мәдениет туралы теориялық білім беру.
2. Ата-аналардың рөлін талдау және олардың қоғамдағы орнын көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

- Қатысушылар ата-аналық психологиялық мәдениеттің маңызын түсінеді.
- Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлін айқындайды.

Модуль 2: Баланың жас ерекшеліктері мен олардың қажеттіліктері

Сағаты: 12 сағат.

Мақсаты: Баланың психологиялық дамуын жас ерекшеліктеріне байланысты түсіндіру.

Міндеттері:

1. Баланың жас кезеңдеріне тән психологиялық ерекшеліктерді анықтау.
2. Ата-аналарға баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру әдістерін үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- Қатысушылар баланың жас ерекшеліктері жайлы заманауи теорияларды меңгереді.
- Баланың дамуына сәйкес қажеттіліктерді анықтап, қолдау көрсетеді.

Модуль 3: Эмоционалдық интеллект және отбасы қарым-қатынастары

Сағаты: 12 сағат.

Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту.

Міндеттері:

1. Эмоционалдық интеллект ұғымын түсіндіру және оның маңыздылығын көрсету.
2. Эмоцияларды басқару тәсілдерін үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- Қатысушылар эмоцияларды басқару дағдыларын игереді.
- Отбасындағы қарым-қатынастарды эмоционалдық деңгейде жақсартып алады.

Модуль 4: Жанжалдарды шешу және отбасыдағы стресс-менеджмент

Сағаты: 15 сағат.

Мақсаты: Жанжалдарды шешу мен стрессті басқару әдістерін үйрету.

Міндеттері:

1. Отбасындағы жанжалдардың негізгі себептерін талдау.
2. Қатысушыларға жанжалдарды шешу және стрессті басқару құралдарын меңгерту.

Күтілетін нәтижелер:

- Қатысушылар жанжалдарды тиімді шешуді үйренеді.
- Стресс жағдайында дұрыс шешім қабылдау әдістерін игереді.

Модуль 5: Ата-аналардың психологиялық мәдениетін нығайту бойынша практикалық жұмыс

Сағаты: 15 сағат.

Мақсаты: Теориялық білімді практикада қолдану дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

1. Тренингтер мен рөлдік ойындар арқылы ата-аналық психологиялық мәдениетті нығайту.
2. Қатысушылардың өз тәжірибелеріне сүйене отырып, нақты жағдайларды талдау.

Күтілетін нәтижелер:

- Қатысушылар нақты психологиялық мәселелерді шеше алады.
- Практикалық дағдыларды кәсіби қызметте қолдануға қабілетті болады.

Бағдарламаны сапалы жүзеге асыру үшін келесі оқу-әдістемелік құралдар мен материалдар қолданылады:

1. *Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы:*

Мамандардың кәсіби деңгейін көтеруге арналған арнайы курстар, семинарлар мен тренингтер.

2. *Оқу материалдары:*

- оқулықтар, әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар;
- презентациялар;
- бейнесабақтар;
- әдістемелік нұсқаулықтар мен қосымша материалдар.

3. *Тәжірибелік және өзіндік жұмыстар:*

- қатысушыларға арналған өзіндік жұмыс тапсырмалары;
- оқыту нәтижесін тексеруге арналған тест тапсырмалары.

4. *Интернет-ресурстар:*

- бағдарламаның мазмұнын тереңдетуге арналған онлайн-платформалар;
- электронды кітаптар, оқу құралдары және басқа да цифрлық ресурстар.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

	Сабақ тақырыбы	Дәріс	Практикалық жұмыс	Тест, жобалау	Қорытынды тест	Барлығы
	Модуль 1. Ата-аналардың психологиялық мәдениетінің негіздері	4	8	3		15
1.	«Психологиялық мәдениет» ұғымына түсінік.	1	2	3		
2.	Отбасындағы ата-ананың рөлі.	1	2			
3.	Саналы ата-ана ұғымы.	1	2			
4.	Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі	1	2			
	Модуль 2. Баланың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктері	3	6	3		12
1.	Әр жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктері.	1	2			
2.	Баланың физиологиялық және эмоционалдық қажеттіліктері.	1	2			
3.	Әр жас кезеңіне сәйкес ата-ана стратегиялары	1	2	3		
	Модуль 3. Эмоционалдық интеллект және отбасы қарым-қатынастары	3	6	3		12
1.	Эмоционалдық интеллект: ұғымы мен маңызы.	1	2			
2.	Ата-ана мен бала арасындағы эмоцияларды түсіну және басқару.	1	2			
3.	Сенімді қарым-қатынас құру дағдылары	1	2	3		
	Модуль 4. Жанжалдарды шешу және отбасыдағы стресс-менеджмент	4	8	3		15
1.	Жанжалдың негізгі түрлері және оларды шешу жолдары.	1	2			
2.	Отбасындағы стрестің туындау себептері.	1	2			

3.	Стрессті басқару әдістері.	1	2			
4.	Эмоционалдық тепе-теңдікті сақтау.	1	2	3		
	Модуль 5. Практикалық жұмыс: ата-аналық психологиялық мәдениетті дамыту	4	8	3		15
1.	Ата-аналарға арналған тренингтерді құру.	1	2			
2.	Отбасылық құндылықтарды нығайту.	1	2			
3.	Шынайы жағдайларды талдау және шешім қабылдау.	1	2			
4.	Қатысушылардың рефлексиясы мен кері байланысы	1	2	3	3	
	Барлығы:	18	36	15	3	72

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Оқытудың нәтижелерін бағалау оқу барысында қатысушылардың теориялық білімдерін, тәжірибелік дағдыларын және курстың негізгі мақсаттарына қол жеткізуін тексеруге бағытталған.

Бағалау критерийлері:

1. *Теориялық білімді бағалау (30%).*

Курстың негізгі тақырыптары бойынша қатысушылардың түсінігін тексеру. Тестілер, викториналар және онлайн сауалнамалар арқылы өткізіледі.

Бағалау көрсеткіштері:

- Материалды түсіну деңгейі.
- Қате жауаптардың минималды болуы.

2. *Практикалық тапсырмаларды бағалау (40%).*

Рөлдік ойындар, кейс-талдау және практикалық жаттығулар нәтижесінде алынған тәжірибені бағалау.

- Қатысушылардың нақты жағдайларды шешу қабілеті тексеріледі.

Бағалау көрсеткіштері:

- Қабылданған шешімдердің дұрыстығы.
- Психологиялық әдістерді дұрыс қолдану.
- Креативтілік және жан-жақты көзқарас.

3. *Жеке рефлексия және өзіндік жұмыс (20%).*

Қатысушылардың өзіндік күнделіктері мен рефлексиялық тапсырмаларын бағалау.

Бағалау көрсеткіштері:

- Өз тәжірибесін талдай алу қабілеті.
- Алынған білімнің кәсіби қызметте қолданылуын түсіндіру.

4. *Қорытынды жоба (10%).*

Қатысушылардың курстың соңында өз бетімен әзірлеген жобасын бағалау (мысалы, ата-аналарға арналған тренинг жоспары немесе отбасындағы психологиялық мәдениетті дамыту бойынша іс-шаралар жоспары).

Бағалау көрсеткіштері:

- Жобаның мазмұнының курстың мақсатына сәйкестігі.
- Жоспардың практикалық қолданысы мен өзектілігі.
- Таныстырудың сапасы (презентация, баяндау стилі).

Бағалау әдістері:

• *Тест тапсырмалары:* қатысушылардың теориялық білімін тексеруге арналған.

• *Пікірталас және топтық жұмыс:* әр модульдің соңында өткізілетін интерактивті сессиялар.

• *Рөлдік ойындар:* қатысушылардың практикалық дағдыларын бағалау.

• *Жеке рефлексия:* курстың әр бөлімінде қатысушылардың өз жетістіктері мен қиындықтарын жазып отыруы.

• *Қорытынды бағалау:* топтық немесе жеке жоба арқылы жүргізіледі.

Бағалау нәтижелерінің шкаласы:

90-100% – курс материалын толық меңгерген, тәжірибелік дағдыларды жоғары деңгейде қолданады.

75-89% – материалды жақсы меңгерген, кейбір техникаларды қолдануда аздаған қиындықтар бар.

50-74% – материалды ішінара меңгерген, тәжірибелік дағдыларды қолдануда қиындық байқалады.

49% және төмен – материал жеткіліксіз меңгерілген, дағдыларды қолдану деңгейі төмен.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу қатысушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолдануын қамтамасыз етуге және олардың кәсіби дамуын жалғастыруға бағытталған. Бұл процесс қатысушылардың біліктілігін нығайтуға және жаңа дағдыларды тұрақты түрде жетілдіруге мүмкіндік береді.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің мақсаттары:

1. Қатысушылардың курс материалдарын практикалық қолдану кезінде туындайтын сұрақтарын шешуге көмектесу.

2. Жаңа білімді тереңдетіп, нақты кәсіби жағдайларға бейімдеу.

3. Ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру бойынша тиімді жұмыс тәсілдерін жетілдіру.

4. Қатысушыларды ұзақ мерзімді кәсіби қауымдастыққа тарту.

Курстан кейінгі сүйемелдеу әдістері:

1. *Онлайн-консультациялар:*

• Курстан кейінгі 3 ай бойы ұйымдастырылады.

• Қатысушылар сұрақтарын онлайн платформаларда (Zoom, Teams) немесе электронды пошта арқылы қоя алады.

• Консультациялар тәжірибелік мәселелерді шешуге бағытталады.

2. *Қолдау чаты:*

• Қатысушылар үшін ортақ мессенджерде (WhatsApp, Telegram) топ құрылады.

• Бұл чатта қатысушылар тренерлермен және бір-бірімен байланыста болып, тәжірибе алмасады.

3. *Қосымша ресурстарға қолжетімділік:*

- Қатысушыларға оқу материалдары, әдістемелік нұсқаулықтар және бейнематериалдарға ұзақ мерзімді қолжетімділік беріледі.

- Жаңартылған ақпараттар мен әдебиеттер ұсынылады.

4. Кәсіби қауымдастық құру:

- Курсты аяқтаған қатысушылар үшін арнайы онлайн қауымдастық ұйымдастырылады.

- Қауымдастық мүшелері кәсіби кеңестермен, идеялармен алмасып, ортақ жобаларға қатыса алады.

5. Сертификатталған тренингтер:

- Қатысушылар үшін қосымша қысқа мерзімді тренингтер ұсынылады.

- Тренингтер ата-аналармен жұмыс жасаудың жаңа тәсілдері мен технологияларын қамтиды.

6. Кері байланыс жинау:

- Курстан кейін қатысушылардан олардың алған білімдерін қолдану тәжірибесі туралы кері байланыс алынады.

- Осы ақпарат курстың сапасын жақсарту үшін пайдаланылады.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің күтілетін нәтижелері:

- Қатысушылар курста алған білімдерін іс жүзінде тиімді қолдана алады.

- Ата-аналармен жұмыс істеу барысында жаңа және инновациялық тәсілдерді қолдану мүмкіндігі артады.

- Психологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған әдістерді кәсіби тұрғыда дамыту жалғасады.

- Қатысушылар арасында кәсіби байланыстар нығайып, ортақ кәсіби орта қалыптасады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Лэнгле, А. Эмоции и экзистенция. Теоретические и практические рекомендации, как обеспечить более устойчивую связь между экзистенцией и эмоциональностью. Пер. с нем. О. Шипиловой. - Харьков: Гуманитарный центр, 2017. - 284 бет.

2. Дэвид, С. Эмоциональная гибкость. Как научиться радоваться переменам и получать удовольствие от работы и жизни. Пер. с англ. Е. Ряхиной; под ред. Т. Рапопорт. - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2020. - 304 бет. (Серия: МИФ. Личное развитие).

3. Юлия Гиппенрейтер. Большая книга общения с ребенком / Ю. Б. Гиппенрейтер - «АСТ», 2016.

4. Джошуа Коулман. Родители и взрослые дети. Как разрешить конфликты и восстановить отношения. Бомбора – Москва: Эксмо, 2022. – 416 бет.

5. Murashova, E.V. “Family Psychology: A Practical Guide”. - Saint Petersburg: Rech, 2015.

Қосымша әдебиеттер:

1. Мелани Феннел. Терапия самооценки. Москва: Эксмо, 2023. – 368 бет.

2. Mescheriakov, B.G., Zinchenko, V.P. “The Big Psychological Dictionary”. – Moscow: AST, 2004.

3. Юлия Латуненко. Материнский сценарий. Москва, 2024. – 320 бет.

4. Сара Оквелл-Смит. Если у вас второй ребенок. Москва: 2022. – 352 бет.

5. https://www.aaml.org/wp-content/uploads/37_1_Full_Text_PDF.pdf

